

***Краткий агрометеорологический обзор
за 2-ю декаду июня 2025 года.***

Во второй декаде июня на юге и юго-востоке республики в районах возделывания озимых культур температурный фон был выше нормы на 3...4°C. Осадки выпали в основном около и меньше нормы. На наблюдаемых участках в районах возделывания озимой пшеницы наблюдаются в основном фазы развития «молочная спелость» - «восковая спелость», в отдельных районах «полная спелость». Состояние растений в основном хорошее.

На юго-востоке страны на посевах яровых зерновых культур в основном наблюдаются фазы развития «выход в трубку» - «колошение», в отдельных районах «молочная спелость», на юге страны «молочная спелость» - «восковая спелость». Состояние яровых в основном хорошее.

На западе страны на посевах яровой пшеницы и ячменя наблюдается фаза развития «появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы», в отдельных районах «колошение». Состояние яровой пшеницы и ячменя в основном хорошее. В Актюбинской области на посевах яровых зерновых культур в основном наблюдается фаза развития «кущение» - «выход в трубку», в окрестности метеостанции Кос-Истек на посевах ярового ячменя «3-й лист». Состояние яровой пшеницы хорошее и удовлетворительное, ярового ячменя в основном удовлетворительное.

На севере страны на посевах яровых зерновых культур в основном наблюдается фаза развития «образование узловых корней» - «кущение», в отдельных районах «выход в трубку» - «появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы», на поздних посевах «3-й лист». Состояние растений в основном хорошее и отличное.

В Бородулихинском районе *Абайской области* на посевах яровой пшеницы и ярового ячменя наблюдается фаза развития «кущение» - «появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы», в Уржарском районе на посевах яровой пшеницы продолжается фаза «колошение» - «цветение». Состояние яровых зерновых культур в Бородулихинском районе отличное в Уржарском районе хорошее. В Восточно-Казахстанской области на посевах яровой пшеницы наблюдается фаза развития «кущение» - «выход в трубку», в отдельных районах «образование узловых корней», на посевах ярового ячменя в окрестности метеостанции Шемонаиха «колошение».

В центре страны на посевах яровых зерновых культур наблюдаются фазы развития «образование узловых корней» - «выход в трубку», на поздних посевах «всходы» - «3-й лист». На посевах ярового ячменя в основном наблюдается фаза развития «кущение» - «выход в трубку», в окрестности агропоста Агрогородок Абайского района «колошение». Состояние ярового ячменя в основном хорошее.

На юге страны на посевах теплолюбивых культур (соя, рис, хлопчатник, сахарная свекла) в Мактааральском, Жетысайском и Ордабасинском районах Туркестанской области на посевах хлопчатника отмечается фаза развития «бутонизация». Состояние посевов в основном отличное и хорошее. В Кызылординской области и области Жетісу на посевах риса отмечается фазы развития «кущение». На посевах сои в Алматинской области и области Жетісу наблюдается фазы развития - «5 настоящий лист» - «появление боковых побегов», состояние растений хорошее. В окрестности метеостанции Кызылту области Жетісу наступила фаза развития сахарной свеклы «смыкание растений в рядках», состояние растений отличное.

На посевах кукурузы в Туркестанской В Алматинской, Жамбылской областях и области Жетісу отмечается фаза развития «нарастание листьев». Состояние растений хорошее и отличное.

У масличных культур на востоке и севере страны на посевах подсолнечника, рапса ярового, а также на западе страны на посевах сафлора наблюдается фазы развития «2-я пара листьев» - «появление соцветий», состояние посевов хорошее. В Акмолинской и Костанайской областях на посевах льна масличного наблюдается фаза развития «начало роста стебля». Состояние растений хорошее и отличное.

На наблюдаемых участках Северо-Казахстанской и Акмолинской областей бобовые культуры (горох, чечевица) находятся в фазах развития «3-й настоящий лист» - «начала цветения». Состояние растений оценивается как хорошее и отличное.

В Актюбинской, Алматинской, Карагандинской, Северо-Казахстанской областях и области Жетісу на наблюдательных участках отмечаются фазы «появление боковых побегов». Состояние растений хорошее и отличное.

У плодовых (яблоня, малина, груша, вишня) культур на юге и юго-востоке в основном наблюдается фаза развития «формирование плодов». Состояние плодовых культур отличное и хорошее.

Во второй декаде июня, по результатам наблюдений за влажностью почвы условия влагонакопления сложились удовлетворительными и оптимальными на севере, востоке, юго-востоке и юге страны. Недостаток влаги отмечался в большинстве районов Западно-Казахстанской, Актюбинской, Карагандинской и Кызылординской областей.

На последний день декады скот на пастбищах выпасался повсеместно. На конец декады *сильно* стравлены пастбища в Жамбылском районе Алматинской области и Акжайыкском районе Западно-Казахстанской области, *не стравлены* в Иргизском районе Актюбинской области, в Мойынкумском, Шуском районах Жамбылской области, Шетском районе Карагандинской области, Мангистауском районе Мангистауской области, на остальной территории пастбища *слабо* и

умеренно стравлены. На последний день декады общее состояние травостоя на большей части пастбищ в основном *хорошее*, травостой вполне пригоден для выпаса скота. *Отличное* состояние наблюдается в Балхашском и Енбекшиказахском районах Алматинской области, в Бейнеуском районе Мангистауской области, в Уалихановском и Акжарском районах Северо-Казахстанской области и Созакском районе Туркестанской области. *Плохое* состояние травостоя наблюдается на пастбищах в Жамбылском районе Алматинской области.

2025 жылдың мамыр айының 2-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Маусымның екінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік бидай себілетін аудандарда температуралық фон нормадан 3...4°C жоғары болған. Жауын-шашын көбінесе нормаға жуық және нормадан аз болған. Күздік бидай себілетін аудандарда бақыланатын учаскелерде көбінесе «дәннің сүттенуі» - «дәннің уыздануы», жеке аудандарда «толық пісу» даму фазалары байқалған. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы.

Елдің оңтүстік-шығысында жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде көбінесе «түтікке шығу» - «масақтану», жеке аудандарда «дәннің сүттенуі», елдің оңтүстігінде «дәннің сүттенуі» - «дәннің уыздануы» даму фазалары байқалған. Жаздық бидайдың жағдайы көбінесе жақсы.

Елдің батысында жаздық бидай мен арпа дақылдарында «топырақ бетінен төменгі бағаналы түйіннің пайда болуы», жеке аудандарда «масақтану» даму фазалары байқалған. Жаздық бидай мен арпаның жағдайы көбінесе жақсы. Ақтөбе облысында жаздық дәнді бидай егістіктерінде көбінесе «түптену» - «түтікке шығу», Қос-Иstek метеостанциясының маңайындағы жаздық арпа егістіктерінде «3-ші жапырақ» даму фазалары байқалған. Жаздық бидайдың жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, жаздық арпа көбінесе қанағаттанарлық.

Елдің солтүстігінде жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде көбінесе «түйін тамырының пайда болуы» - «түптену», жеке аудандарда «түтікке шығу» - «топырақ бетінен төмен бағаналы түйіннің пайда болуы», кеш себілген егістерде «3-ші жапырақ» даму фазалары байқалған. Өсімдіктердің жағдайы көбінесе жақсы және өте жақсы.

Абай облысының Бородулиха ауданында жаздық бидай мен жаздық арпа егістіктерінде «түптену» - «топырақ бетінен төменгі бағаналы түйіннің пайда болуы» даму фазалары байқалған, Үржар ауданында жаздық бидай егістіктерінде «масақтану» - «гүлдену» фазалары жалғасуда. Бородулиха ауданында жаздық бидайдың жағдайы өте жақсы, Үржар ауданында жақсы. Шығыс Қазақстан облысында жаздық бидай егістіктерінде «түптену» - «түтікке шығу», жеке аудандарында «түйін тамырының пайда болуы», Шемонаиха

метеостанциясының маңайындағы жаздық арпа егістіктерінде «масақтану» даму фазалары байқаған.

Елдің орталығында жаздық бидай егістіктерінде «түйін тамырының пайда болуы» - «түтікке шығу», кеш себілген егістерде «көктеу» - «3-ші жапырақ» даму фазалары байқалады. Жаздық арпа егістіктерінде көбінесе «түптену» - «түтікке шығу», Абай ауданындағы Агрогородок агропосты маңайында «масақтану» даму фазалары байқалған. Көктемгі арпаның жағдайы көбінесе жақсы.

Еліміздің оңтүстігінде Түркістан облысының Мақтаарал, Жетісай және Ордабасы аудандарында жылу сүйгіш дақылдар (соя, күріш, мақта, қант қызылшасы) егістіктерінде «бүршіктену» даму фазасы орын алған. Егістіктердің жағдайы көбінесе өте жақсы және жақсы. Қызылорда облысы мен Жетісу облысында күріш дақылдары «түптену» даму фазасында. Алматы облысы мен Жетісу облысында соя дақылдарында «5 нағыз жапырақ» - «бүйірлік өсімділерінің пайда болуы» даму фазалары байқалған, өсімдіктердің жағдайы жақсы. Жетісу облысының Қызылту метеостанциясының маңайында қант қызылшасында «өсімдіктердің қатар аралық жабылуы» даму фазасы басталған, өсімдіктердің жағдайы өте жақсы.

Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстарында және Жетісу облысында жүгері егістіктерінде «жапырақтардың өсуі» даму фазасы жалғасуда. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Елдің шығысы мен солтүстігінде майлы дақылдарда күнбағыс, көктемгі рапс, сондай-ақ елдің батысында мақсары дақылдарында «2 - ші жапырақ жұбы» - «гүл шоғырларының пайда болуы» даму фазалары байқалады, дақылдардың жағдайы жақсы. Ақмола және Қостанай облыстарында майлы зығыр дақылдарында «сабақтың өсуінің басталуы» даму фазасы байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының бақылау учаскелерінде бұршақ дақылдары (бұршақ, жасымық) «3-ші нағыз жапырақ» - «гүлденудің басталуы» даму фазаларында. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы деп бағаланады.

Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Жетісу облысында бақылау учаскелерінде «бүйірлік өсімдіктердің пайда болуы» фазалары байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Оңтүстік және оңтүстік-шығыста жеміс-жидек (алма, таңқурай, алмұрт, шие) дақылдары көбінесе «жеміс қалыптастыру» даму фазасын көрсетеді. Жеміс дақылдарының жағдайы өте жақсы және жақсы.

Маусымның екінші онкүндігінде топырақ ылғалдылығын бақылау нәтижелері бойынша ылғалдылықты жинақтау жағдайлары елдің солтүстігінде, шығысында, оңтүстік-шығысында және оңтүстігінде қанағаттанарлық және

оңтайлы болып қалыптасқан. Ылғалдың жетіспеушілігі Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды және Қызылорда облыстарының көптеген аудандарында байқалады.

Онкүндіктің соңғы күні жайылымдарда мал тегіс жайылған. Онкүндіктің соңында Алматы облысының Жамбыл ауданында және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдар қатты тапталған, тапталмаған Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында, Жамбыл облысының Мойынқұм, Шу аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында, қалған жайылымдар әлсіз және бірқалыпты тапталған. Онкүндіктің соңғы күнінде жайылымдардың басым бөлігіндегі шөптің жалпы жағдайы көбінесе жақсы болған, шөп жайылымға өте қолайлы. Жақсы жағдай Алматы облысының Балқаш және Еңбекшіқазақ аудандарында, Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов және Ақжар аудандарында және Түркістан облысының Созақ ауданында байқалады. Алматы облысының Жамбыл ауданындағы жайылымдарда шөптің нашар жағдайы байқалған.